

**А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Жаңа редакцияда бекітілген
А.Қ. Құсайынов Еуразия
гуманитарлық институтының
бұйрығымен
2024 жылғы «14» наурыздағы № 57
(бұрын қолданыста болған
стандарты ауыстыру)

**А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

АСТАНА, 2024

1. Жалпы ережелер

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы осы стандарты (бұдан әрі - Институт) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын (2016 ж.), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үлгілік стандарттарды (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 19.01.2021 ж. №10 бұйрығы) әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Үкіметінің 19.12.2022 ж. №716 қаулысы), ҚР Еңбек кодексі, Институт жарғысы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес әзірленді, және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған.

2. Мақсаты мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада және институт жарғысында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нормалар жүйесін сақтау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

Институттың білім алушылары, қызметкерлері және профессорлар-оқытушылар құрамы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру:

- 1) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау;
- 3) академиялық үрдіске қатысушылардың құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет және құқықтық сана деңгейін арттыру;
- 4) академиялық ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы ментальдылықты, сондай-ақ әлеуметтік-шартты нысандар мен мінез-құлық үлгілерін дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен алдын алудың пәрменді тетіктерін әзірлеу және енгізу.

3. Негізгі қағидаттар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық (транспаренттілік);
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтың бұлтартпастығы;
- 7) ар-намысты, қадір-қасиетті, іскерлік беделді қорғау;
- 8) жеке жауапкершілік;
- 9) академиялық адалдық пен парасаттылық болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

2) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де шаралар;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер - қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

8) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

5. Қызметкерлер мен білім алушылардың мінез-құлық стандарттары

Институт қызметкерлері:

- 1) ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын қатаң сақтауға;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік, парасаттылық, корпоративтік мәдениет құқығы мен нормаларына құрметпен қарау қағидаттары негізінде студенттердің кәсіби дамуына жәрдемдесуге;
- 3) академиялық адалдық, авторлық құқық қағидаттарын және қызметтік сипаттағы ақпаратпен жұмыс істеу қағидаларын сақтауға;

- 4) педагог қызметкердің мәртебесіне сәйкес кәсіби міндеттерін орындауға;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықты, ашықтықты және айқындықты сақтауға;
- 6) институт қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға жәрдемдесуге және жеке қатысуға;
- 7) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге;
- 8) академиялық үдеріске қатысушылар мен өзге де тұлғалар тарапынан және оларға қатысты негізсіз сыйақы қабылдау, қаржылық және өзге де материалдық қаражатты бопсалау фактілеріне жол бермеуге;
- 9) кәсіптік қызмет шеңберінде іскерлік этика, корпоративтік мәдениет және іскерлік бедел қағидаттарын ұстануға;
- 10) функционалдық міндеттерді адал атқаруға кедергі келтіретін жеке, мүліктік және өзге де мүдделердің ықпалынан туындаған әрекеттерді болғызбауға;
- 11) кәсіби міндеттерін орындау кезінде, оның ішінде әріптестерімен және білім алушылармен қарым-қатынаста жоғары моральдық стандарттарды ұстануға;
- 12) функционалдық міндеттерді қолданыстағы заңнама нормаларына және лауазымдық нұсқаулықтарға қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға;
- 13) білім алушы жастар, Институт қызметкерлері мен оқытушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді таратуға;
- 14) ғылыми-зерттеу әдебі қағидаттарын қатаң сақтауға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функционалдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдауға жол бермеуге;
- 16) функционалдық міндеттерді орындау кезінде еңбек тәртібінің талаптарын және академиялық адалдық қағидаттарын ұстануға міндетті.

Институт қызметінің жекелеген бағыттарының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде қызметкерлер:

1) лауазымдық нұсқаулықтардың, қызметтік әдеп нормаларының және сыйластық қағидаларының талаптарын сақтауын ескере отырып, жоғары тұрған басшылықтың тапсырмаларын орындау кезінде жеке жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсетуі;

2) тиісті шешімдерді олардың заңдылығы, негізділігі мен әділдігі негізінде қабылдауы және іске асыруы;

3) Институт басшылығы кадр саясатын және жоғары оқу орындарын басқаруды жүзеге асыру кезінде меритократия

қағидаттарын, олардың мансаптық жолын қалыптастыру кезінде ПОҚ пен институт қызметкерлерінің жұмыс нәтижелілігін объективті бағалау қағидаттарын басшылыққа алуы;

4) Институт басшылығы, ПОҚ-ы және қызметкерлері қызметтік құжаттамамен, сондай-ақ құпия сипаттағы дербес деректермен және мәліметтермен жұмыс істеудің белгіленген қағидаларын сақтауы;

5) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауды болғызбауы;

6) ПОҚ-тың, қызметкерлер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау фактілері туралы мәліметтерді, сондай-ақ олардың арасында мүдделер қақтығысының болуы туралы деректерді басшылықтың назарына жеткізуі қажет.

Білім алушылар оқу, ғылыми зерттеулер жүргізу үдерісінде қолданыстағы заңнаманың ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды, академиялық адалдық қағидаттарын, моральдық және этикалық нормаларды, сондай-ақ институттың профессорлар-оқытушылар құрамымен және қызметкерлерімен өзара іс-қимылды сақтауға міндетті.

6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері

Институтта сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудың мынадай тетіктері қолдануға жатады:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты ішкі мониторинг және талдау жүргізу.

- әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау жөніндегі комиссияны құру және оның жұмыс істеуі.

- электрондық құжат айналымы жүйесін және ашық рәсімдерді енгізу (оның ішінде электрондық рейтингтер, қабылдаулар, апелляциялар).

- анонимді сенім жәшігі және/немесе сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жедел желі.

- Институт басшылығының, ПОҚ, қызметкерлері мен студенттерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

7. Жауапкершілік

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бұзғаны үшін ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жауапкершілік, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделеді.

Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылықтар жасау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы, сондай-ақ мүдделер қақтығысы фактілері туралы ақпарат өтініш берушінің мүдделерін қамтамасыз ету ескеріле отырып, құпия түрде қаралады.

8. Қорытынды ережелер

Осы стандарт институттың ресми сайтында орналастырылуға және басшылықтың, профессорлар-оқытушылар құрамының, қызметкерлердің, білім алушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың назарына жеткізілуге тиіс.

Осы стандарттың ережелерін іске асыру үшін жауапкершілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілге және институт басшылығына жүктеледі.

Стандарт Институт ректорының бұйрығымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен қаралды және мақұлданды (2024 жылғы 29 ақпан № 8 хаттама)

2020 жылғы 30 қарашадағы «Еуразия гуманитарлық институтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының» күші жойылды деп танылсын.